

## ЕТІСТІКТІҢ ЖАСАЛУ ЖОЛДАРЫ

**Байкабилов Усербай**

*Ғылыми жетекші: Шыршық мемлекеттік педагогикалық университеті  
оқытушысы.*

**Молдабекова Дана Жамбыл қызы**

*Шыршық мемлекеттік педагогикалық университеті, Қазақ тілі және  
әдебиеті бағыты 1 курс студенті*

**Аннотация:** *Етістік - қазақ тіліндегі сөз таптарының ішіндегі ең күрделілерінің бірі. Оның күрделілігі лексика-семантикалық сипатынан, грамматикалық формалары мен категорияларының көптігінен, синтаксистік қызметінен айқын көрінеді. Етістіктің осындай сан қырларын зерттеуге арналған еңбектер аз жазылмаса да, оның грамматикалық категория ретіндегі барлық ерекшелігі танылып, толық зерттелді деуге бола қоймас. Өйткені етістіктің лексика-семантикалық сипатын, грамматикалық ерекшеліктерін зерттеуде толықтыра түсуді қажет ететін тұстар, сондай-ақ жекеленген мәселелердің төңірегінде ала-құла пікірлер де кездеседі. Қазақ тіліндегі етістік түбірі - нақтылауды қажет ететін сондай тұстардың бірі.*

**Кілтті сөздер:** *етістік, лексика, семантика, түбір, бұйрық, грамматика, морфология, рай, форма.*

Етістік – заттың қимылын, іс-әрекетін білдіреді. Сұрақтары: қайтті? Не істеді? Не қылды?Ертең ат шабады (қайтеді?), балуан күреседі (не істейді?).

Етістік құрамына қарай екіге бөлінеді: 1) дара етістік; 2) күрделі етістік.

Дара етістік бір ғана сөзден тұрады. Мысалы: Жапырақтардың сыбдыры естіледі. Сөйлемдегі естіледі етістігі бір ғана сөзден тұрған дара етістік. Күрделі етістік екі не одан да көп сөзден құралады, бір мағынаға ие болады, бір сұраққа жауап береді, сөйлемнің бір ғана мүшесі болады. Мысалы:

Бала күліп жіберді. Бала күліп жібере жаздады. Бала күліп жіберуге шақ қалды. Сөздердің дыбыстық өзгеріске ұшырап кірігуінен жасалған күрделі етістіктер: апар – алып бар, әкел – алып кел, әкет – алып кет, әпер – алып бер, түрегел – тұрып кел. Сөздердің қосарлануынан жасалған күрделі етістіктер: бара-бара шаршады, айта-айта жалықты, күліп-күліп шығып кетті.

Күрделі етістік құрамындағы бірінші сөз негізгі етістік болады да, негізгі мағынаны білдіреді. Кейінгі сөздер көмекші етістік болады.

Етістік тұлғасына қарай екіге бөлінеді: 1) негізгі түбір етістік; 2) туынды түбір етістік.

Негізгі түбір етістік етістіктің өзінен жасалады: отыр, тұр, жүр, жатыр, оқы, кел, барды, жүгірді, жасаған, көрген.

Туынды етістік басқа сөз таптарына сөз тудырушы жұрнақ жалғану арқылы жасалады.

Туынды етістіктің жасалу жолдары.

ЕСІМ СӨЗДЕР	ТУЫНДЫ ЕТІСТІК
Балта	Балтала
Би	Биле
Бас	Баста
Үтік	Үтікте
Дамыл	Дамылда
Сән	Сәнде
Рух	Рухтан
Әдет	Әдеттен
Көмек	Көмектес
Сыр	Сырлас
Пікір	Пікірлес
Жиын	Жина
БАСҚА СӨЗ ТАПТАРЫ	ТУЫНДЫ ЕТІСТІК
Бұрқ	Бұрқыра
Жымың	Жымыңда
Күлім	Күлімде
Ілгері	Ілгеріле
Жоғары	Жоғарыла
Ақырын	Ақырындат
Аз	Азсын
Көп	Көпсін
Ауһау	Ауһаула

Етістік іс-әрекеттің жүзеге асу-аспауына қарай екіге бөлінеді:

1) болымды етістік; 2) болымсыз етістік.

Болымды етістік іс-әрекеттің орындалғанын, жүзеге асқанын білдіреді: оқы, жазды, айтқызды, орындады, сана, жүгір.

Болымсыз етістік іс-әрекеттің орындалмағанын, іске аспауын көрсетеді.

Болымсыз етістік екі түрлі жолмен жасалады: 1) Синтетикалық тәсіл: негізгі және туынды түбір етістікке: -ма, -ме, -ба, -бе, -па, -

пе жұрнақтары жалғану арқылы: жақындама, жүгірме, сұранба, күрсінбе, алыстатпа, тездетпе, т. б.

Түрі	Ереже	Жасалуы	Мысалдар
Өздік етіс(орындаушы өзі)	Қимылды орындаушының өзі істейді.	-ын, -ін, -н жұрнақтары Арқылы	Жуынды, киінді, баянды, таранды.
Өзгелік етіс(орындаушы өзге біреу).	Қимылды өзге біреуге орындатқызады.	-дыр, -дір, -тыр, -тір, -ыр, -ір; -т Жұрнақтары арқылы	Жаздыр, бердір, айттыр, келтір, асыр, кетір, жасат, сөйлет.
Ырықсыз етіс(орындаушы белгісіз)	Орындаушы айтылмайды, іс-әрекет өздігінен жасалғандай.	-ыл, -іл, -л; -ын, -ін, -н; жұрнақтары арқылы	Айтылды, көтерілді, тасылды, салынды, әкелінді, тазаланды.
Ортақ етіс(орындаушы көп)	Қимылды орындаушы біреу емес, бірнешеу болады.	-ыс, -іс. –с жұрнақтары арқылы	Орысты, тазаласты, көтерісті.

2) Аналитикалық тәсіл: -ған, -ген, -қан, -кен, формалы есімшеге жоқ, емес сөзінің тіркесуі арқылы: айтқан жоқ, келген жоқ, барған емес, көрген емес, т. б.

Етістік мағынасына қарай екіге бөлінеді: 1) сабақты етістік; 2) салт етістік. Сабақты етістік – мағынасы жағынан тура объектіні, табыс септіктегі сөзді қажет етіп, кімді? нені? (не?) деген сұрақтарға жауап беретін табыс тұлғалы сөзбен байланысады.

Мысалы: Отты (нені?) үрлеген жағады, шындықты (нені?) іздеген табады. Ата-анаңды (кімді?) құрметте, үлкенді (кімді?) сыйла. Шығарма(ны) - не(ні?) жаз. Өн(ді – не(ні?) тыңда. Білім(ді) - не(ні?) үйрен.

Салт етістік тура объектіні, табыс септіктегі сөзді қажет етпейді. Салт етістік табыс септіктен басқа атау, ілік, барыс, жатыс, шығыс, көмектес септіктегі сөздермен тіркесе береді. Мысалы: Ата-анаңа (кімге?) құрмет көрсет. Қиындықтан (неден?) қорықпа. Жолдастарыңмен (кімдермен?) тату бол. Тілек (кім?) биледі, т. б.

Етістер – іс-әрекеттің, қимылдың орындаушыға, яғни іс иесінің істелетін іске қатысын білдіретін етістіктің түрі. Етістің төрт түрі бар: 1) өздік етіс, 2) өзгелік етіс, 3) ырықсыз етіс, 4) ортақ етіс.

Етістер етістікке түрлі қосымшалар жалғану арқылы жасалады. Мысалы: Өзгелік етістің -ғыз, -гіз, -қыз, -кіз, -дыр, -дір, -тыр, -тір, -ыр, -ір, -



р және ортақ етістің -ыс, -іс, с жұрнақтары салт етістікті сабақты етістікке айналдырады. Мысалы:

Салт етістік	Сабақты етістік
Бала секірді	Баланы секіртті
Мәнерлеп оқыды	Өлеңді оқытқызды
Жүк тасылды	Жүк тасысты
Зат көтерілді	Затты көтерісті
Бөлме жиналды	Бөлмені жинасты

### ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Жаппаров А. Қазақ тілі. –Алматы: Ана тілі, 1985.
2. Балақаев М. Қазіргі қазақ тілі. –Алматы: Арыс, 1992.
3. Жүнісова М. Тіл тарихы: етіс категориясы. –Алматы: Дарын, 2006.
4. Кәтенбаева Б.Ш. Қазақ тілі оқулығына әдістемелік нұсқау. – Алматы: Арыс, 1992.

